

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

мен қоғамдық қауіптілігін түсінбейтінін, сондай-ақ олардың ниетімен қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерінің осындай кең спектріне қол сұғушылықты қамтымайтынын назарға ала отырып, осы қылмыстың негізгі құрамын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың жасын 16 жасқа дейін арттыру қажет болып көрінеді.

Бұзақылықтың тікелей объектісі (ҚР ҚК 293-бабы) қоғамдық тәртіп болып табылады, қосымша ретінде басқару тәртібі, сондай-ақ осындай қылмысқа ұшыраған жәбірленушінің денсаулығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті әрекет етеді. Бұдан басқа, бұзақылықтың объективті жағы ҚР ҚК 293-бабы 1-бөлігінің "а" тармағына сәйкес қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдануды көздейді, ал терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлама жасаған кезде (ҚР ҚК 273-бабы) қарудың қандай да бір түрі пайдаланылмайды.

ҚР ҚК-нің 273 және 419-баптарында көзделген қылмыстардың объективті жағы бойынша, біріншіден, көрінеу жалған сөз жеткізу кезінде террористік актінің жасалғаны, ал терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар беру кезінде ол тек жоспарланғаны; екіншіден, терроризм актісі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған кінәлі адам құқық қорғау органдарын, мекемелерді, ұйымдарды, жекелеген адамдарды хабардар ете алады, ал көрінеу жалған сөз жеткізу кезінде адам қылмыстық іс қозғауға өкілеттігі бар құқық қорғау органдары ғана тергейді.

Қауіпті түрде террористік акт жасау (ҚР ҚК 255-бабы) терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарламадан (ҚР ҚК 273-бабы) ерекшеленеді, өйткені қылмыскер билік органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер етпей, адамдардың қаза табуына және басқа да қоғамға қауіпті салдарларға тікелей қауіп төндіретін жарылыс, өртену және өзге де әрекеттер қауіпін пайдаланады; террористік акт жасаған кінәлі адам осы органдар мен ұйымдарға ықпал ету мақсатын көздейді (ҚР ҚК 255-бабы).

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Сматлаев Б.М. Қазақстан Республикасындағы терроризммен және экстремизммен күресу мәселелері: Нұр-Сұлтан қ. «Центр Элит» 2021 ж. – 19 бет.

2.Қазақстан жаңалықтары: Астана. 14 қазан. «Kazakhstan Today» [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://nomad.su/?a=5-200910150313>

3.«Preventing violent extremism through promoting inclusive development, tolerance and respect for diversity» / Норвегия, Осло қ. 2016 ж. 14-16 наурыз. UNDP әлемдік кездесу. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://data.unhcr.org/en/documents/download/49698>

4.Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N31 Заңы 1 бап, 4-бөлімі.

УДК 343.2/.7

АНАСЫНЫҢ БАЛАСЫН ӨЛТІРУІ АДАМДЫҚПЕН ЖАНАСАДЫ МА?

Мақсұт Аружан

maksutaruzhan0303@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасының ата заңы 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 2 бөлімі “Адам және азамат” деп аталады және 15-бап 1 тармағында әркімнің өмір сүруге құқығы бар екендігі аталып өткен. 2003 жылы 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елде өлім жазасына мораторий жариялау туралы жарлыққа қол қойды, ал қазіргі кезде өлім жазасына сәйкес 15-бабының 2 тармағы “Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады”, - деп өзгертілді. Адамға қарсы қылмыстық құқыбұзулар – бұл азаматтардың негізгі жеке құқықтарына қарсы бағытталған, қылмыстық заңда көзделген қоғамдық қауіпті әрекеттердің тобы болып есептеледі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің Ерекше бөлігінің 1 тарауы Жеке адамғы қатысты қылмыстық құқықбұзушылықтар, осы тараудың 99-105 баптары аралығы өмірге қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар деп қарастырылған. Адамды қазаға ұшырату ежелгі де қасиетті кітаптардың беттерінен орын алған Әбіл мен Қабыл заманынан бері адамзат назарында. Бұл туралы тұшымды еңбектің бірі Ю.М. Антонянның қаламынан шыққан. Жалпы адам өлтіруге байланысты қай бапты, әрекетті алып қарастырсақ та барлығы өзінің күрделілігімен көзге түседі, себебі адам өмірі алтындай теңдес дүние. Біздің мемлекетіміздің ең басты байлығы да осы халқы, олардың өмірі және денсаулығы. Бірақ, осы қылмыстық құқықбұзушылықтар ішінен өзіме қызығушылық туғызғаны анасының баласын өлтіруі болып отыр және осы мақалада дәл осы тақырыпқа тоқталып өтпекпін.

ҚР Қылмыстық Кодексінің 100-бап. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі.

Анасының өзінің жаңа туған баласын босану кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында өлтіруі – төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл қылмыстың объектісі-жаңа туған нәрестенің өмірі, ол педиатрияда төрт аптаға дейінгі баланы білдіреді. Іс-әрекеттің объективті жағы босану кезінде де, одан кейінгі кезеңде де, психотравматикалық жағдайда немесе ақыл-ойдың бұзылуын жоққа шығармайтын психикалық бұзылулар жағдайында жасалған жаңа туған нәрестені анасының өлтіруінен көрінеді. Қылмыстар құрамының объективті жағы әрекет немесе әрекетсіздік түрінде көрсетілуі мүмкін. Бұл қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған жаңа туған нәрестенің анасы болуы мүмкін. Өзге адамдар, егер олар осындай кісі өлтіруді бірлесіп орындаушылар болып табылса, ҚК-нің 99-бабы бойынша жауаптылыққа жатады, өйткені анасының жауапкершілігі жеңілдетілетін мән-жайлар оларға қолданылмайды. Бұл кісі өлтірудің субъективті жағы қасақана кінәмен сипатталады. Ниет тікелей немесе жанама. Бұл оны тікелей және жанама ниетпен жасауға болатындығын білдіреді.

Қазір біз көп еститін жағдай: баланың қоқыстан қапшықта табылуы, әжетханаға тастап кеткен немесе жан түршіктіретін өз баласын тоңазытқышқа салып қойған дегенді де естіп жатамыз. Сонда бұл қоғамның бұзылуы ма, әлде профилактикалық шаралардың өткізілмеуі ме, әлде 21-ші ғасырда адам үшін кішкене ғана жаратылыстың өмірінің түкке де тұрмағаны ма? Перзентханадан жөргекке емес, кебінге оранып шығатын, бесікке емес, қоқыс жәшігіне «бөленетін» сәбилер неге көбейді? Әлди түгілі жоқтау естімей, өмірден өткен сәбилер саны неге артып кетті? Сұрақ көп, бірақ жауап нақты жоқ. Жай ғана мысал ретінде бір оқиғаны осы жерде баяндап өтпекпін:

Алматы облысында Сарқан ауданында әйел кісі ағасымен таксиде келе жатып жолдан түсіп қалып, қызының аурушаң екендігін, оған қарай алмайтынын, егер оны өлтірмесе өзіне қол жұмсайтындығын баяндаған. Ағасы мен әйел кісі екеуі сөз байласып зауыт маңындағы қоқыс тастайтын жерде қызды тұншықтырып, өлгеніне көзі жеткеннен кейін оны сол жерде тастап кеткен.

Жаңа туған баланы анасының бөлшектеп тастағаны туралы да жаңалықтарды естіген боларсыздар. Жалпы баланы босану процесі бірнеше сағаттарды алады. Босанудан кейінгі кезең деп Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өлшемдеріне сәйкес сәби туғаннан кейінгі бір ай мерзімді алады.

Бұл туралы Балтабаев Қ. Ж. еңбегінде сараланып өткен. Осы аралықта анасында босанудан кейінгі күйзеліс болуы мүмкін. Осы сәтте ер адам жағынан қолдау болмаса немесе депрессия болса, әйел адамның психикалық жай күйінде ақаулар болса қатты күйзелістен қылмысқа барады. Мұндай жағдайларда психотравматикалық жағдай босанған әйелдің психикасының жағдайына теріс әсер ететін маңызды жағдайларды мойындау керек. Сафаунов Ф. психо-травматикалық жағдай психо-эмоционалды шиеленіске, ұзақ уақыт мазасыздық, қорқыныш, сенімсіздік және т. б. сезіміне байланысты психикалық ауыртпалықты, бірақ тудырмаса да, жағдайды білдіреді, бұл жүктілік кезінде орын алатын психофизикалық шамадан тыс жүктеме фонында, баланың туылуы, әйел үшін ерекше маңызды, шиеленісті болады.

Мұндай жағдай әртүрлі психотравматикалық факторлардан туындауы мүмкін: зорлау нәтижесінде жүктілік; түсік жасату үшін жүктілік мерзімін өткізіп алу; жаңа туған нәрестенің анасын ұзақ уақыт ұйықтап, демалудан айыратын мазасыз мінез-құлқы; баланың әкесінің оны кез-келген жағдайда одан құтылуды талап етуі; баланың әкесінің оны өзімдікі деп танудан бас тартуы; некені тіркеуден бас тарту; баланың анасын жақындарының қорлауы, баланың әкесінің немесе әйелдің туыстарының ана мен баланың өмір сүруіне материалдық көмек көрсетуден бас тартуы және т. б. Мұндай жағдайда ананың мінез-құлқы көбінесе аффективті мотивациямен анықталады, бұл оның айналасындағыларды және оның әрекеттерін барабар бағалау мүмкіндігін азайтады, әрекеттерді бақылау және олардың ықтимал салдарын болжау мүмкіндігін шектейді.

Тағы бір айта кететін жайт, бала пайда болған кезден бастап бұл жоспарланбаған болуы немесе әкесі баласын тастап кеткен болса, кәмелетке толмаған қыз бала жүкті болған жағдайда да заңсыз аборт немесе босанғанға дейін баланы өлтіру орын алады. Қазақ КСР - ның 1959 жылғы 22 шілдедегі Қылмыстық кодексінде 108-бапта заңсыз аборт өндіру және 109-бап әйелді аборт жасатуға мәжбүрлеу деген мәтін кездесетін, қазіргі заңнамада мұндай баптар аталып өтпеген. Әлемнің көптеген елдерінде (бұрын да, қазір де) жаңа туған нәрестені өлтіру жеңілдететін жағдайларда жасалған деп саналады: Австрия, Германия, Швейцария, Греция, Польша, Ресей, Латвия, Беларусь және т. б.)

Елімізде тіпті балалар үйіндегі 2021 жылғы ахуалға сәйкес республикада 23 мыңға жуық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бар. Балалар үйінде тек 4 мың адам тұрады. Жылдан жылға біз төмендеуге бет алдық. Тек соңғы 10 жылда жетім балаларға арналған ұйымдардың саны 114 бірлікке қысқарды. Бүгінгі таңда елімізде жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 96 ұйым жұмыс істейді. Соңғы 10 жылда осы ұйымдардың тәрбиеленушілері мен жалпы ел бойынша жетім балалар контингенті 10 мыңға қысқарды. Алайда, баласын өлтіруі немесе баласын татсап кету деген секілді жағдайлар латентті болып есептеледі. Келесі суретте пайыздық баласын өлтіретін ананың портреті сипатталып өткен:

Көріп отырғандарыңыздай анасы баласын дүниеге алып келу сәтінде өлтіру пайызы бәрінен ең көп болып отыр.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталып кеткендей анасының баласын өлтіруі дүниежүзін алаңдатып отырған мәселе және бұл мәселеге жан-жақты көзқараспен тоқталып өттім. Қазақ деген бастауынан қонақжай, жетімін жылатпаған халық болған. Қазіргі ахуалға қарасақ, қазақтың қанына біткен қасиетті жерге таптамауымыз қажет. Бұл олқылықтарды қарастыру әрине біздің міндетіміз. Қанша жерден күйзеліс болса да ананың сәбиді өмірден айыруға құқығы бар ма? Неге біздің заңнамада тек қана жаза ретінде бас бостандығын шектеу және айыру қарастырылған. Менің өз ұсынысым жаза ретінде түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстарға тарту қосылса және 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық Кодексіндегі

заңсыз аборт өндіруді және әйел адамды аборт жасауға мәжбүрлеуді неге біздің заңнамамызға қайтадан қоспасқа.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ;
2. Уголовный Кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 г.;
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. 1-том (1-10 тараулар): Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. Жауапты редакторлар – Қ.Ж. Балтабаев, А.Ә. Биебаева. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ҰЕУ баспасы, 2021 г.
4. Баймукашева С.С. Убийство матерью новорожденного ребенка. Главный специалист. СМУС Карагандинской области.

УДК 343.3/.7

ПРАВОВАЯ ОЦЕНКА МЕДИЦИНСКИХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШЕННЫХ В СОУЧАСТИИ В РФ

Молоканов Игорь Дмитриевич

imolokan0v07@gmail.com

*студент 2 курса 2 группы очной формы обучения Международно-правового института Университета имени О.Е. Кутафина (МГЮА) Москва, Российская Федерация
Научный руководитель - А.А. Бимбинов, доцент кафедры уголовного права
МГЮА им О.Е. Кутафина, г. Москва*

Медицинские преступления всегда являются крайне запутанными делами в связи со своей особой спецификой доказывания и установления необходимых юридических фактов. Однако нельзя однозначно сказать, что это абсолютно новое явление в уголовном праве.

Одним из первых нормативных актов, в котором устанавливалась уголовная ответственность за медицинские преступления — уложение о наказаниях уголовных и исправительных 1845 года. Статья 870 указывала, что за врачебную ошибку медицинским начальством вводился запрет на врачебную практику, а причинение смерти или тяжкого вреда здоровью влекло за собой церковное покаяние [1; с.76]. Спустя более 70 лет законодатель в Уголовном кодексе (далее УК РФ) РСФСР стал квалифицировать уже отдельные составы преступления в категорию медицинских. Согласно кодексу 1922 года медицинским преступлением можно было считать халатность (ст. 108), неосторожное убийство (ст.146), аборт (ст. 147) и другие [1; с.77]. Последующие УК расширяли круг преступлений, входящих в понятие «медицинские», однако единой позиции по данному вопросу не было.

Можно сказать, что сейчас также не утихают споры по поводу того, что следует понимать под категорией «медицинские преступления». В работе «Медицинские преступления: понятие и состояние» А.А Бимбинов анализирует 6 позиций по вопросу о том, что следует понимать под рассматриваемой категорией. Так, под этим термином понимают: врачебные преступления, врачебные ошибки, ятрогению, преступления в сфере здравоохранения или медицинской деятельности, преступления медицинских работников. Рассуждая над всеми этими определениями, автор приходит к выводу, что медицинскими преступлениями следует называть лишь общественно опасные деяния медицинских работников, совершенные в связи с оказанием медицинской помощи или ее организацией,